

Құрылтайшы: «Атамекен» Қазақстан Картасы»
этно-мемориалдық кешені» МКҚК
Директор Ү. Д. Мұналбаева

Редакция алқасы:

Б. Б. Мажагулов	Астана қаласы Мәдениет басқармасының жетекшісі
Ә. У. Тарази	Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
А. К. Кекілбаев	Абай атындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты
Н. Т. Айт	С. Сейфуллин атындағы тарихи-өлкетану мұражайының директоры
А. Р. Умиршина	Астана қаласы Тәуелсіздік сарайының директоры
Б. Г. Аяған	Астана қаласы тарих институтының директоры
А. Ш. Нұразхан	Алтын және бағалы металдары мемлекеттік мұражайының директоры
Ә. Е. Өтегенова	ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі бас-хатшысы
Б. Ж. Жүнісбеков	Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінің директоры
Н. В. Шиврина	Астана қаласы қазіргі заман мұражайының директоры
Б. К. Оразымбетова	ҚР Мәдени қайраткері, экскурсиялық бюроның ғылыми-әдістемелік жөніндегі басшысы

Выходные данные журнала

Республиканский научно-познавательный журнал
«Астана қаласының мәдени мұрасы» - «Культурное наследие
города Астаны» № 1/2014 г.
Периодичность – один раз в месяц
Журнал выпускается при содействии Министерства культуры и
информации РК, Управления культуры акимата города Астаны.
Учредитель и издатель ГККП «Этно-мемориальный комплекс
«Карта Казахстана «Атамекен» акимата города Астаны

Почтовый адрес редакции: 010000, Астана
Кургальджинское шоссе, 2/1
Тел.: +7 (7172) 24-31-72
www.atamekenmap.kz, e-mail: atameken2011@mail.ru

Формат 18,5x28,7
Бумага глянцева двусторонняя плотность на 130 г/м²
Обложка формата А4 плотность 250 г/м²
Заказ № 1

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и
информации Республики Казахстан
Регистрационное свидетельство № 14225-Ж от 4 марта 2014 г.
Мнение авторов материалов может не совпадать с позицией
редакции. За точность публикуемых сведений и цитат
ответственность несут авторы материалов. Редакция оставляет
за собой право редактировать материалы.
Редакция не рецензирует и не возвращает рукописи.
Тираж 1000 экз.

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ
КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ГОРОДА АСТАНЫ
CULTURAL HERITAGE OF ASTANA

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛЫ

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

6	Этно-мемориальный комплекс «Карта Казахстана «Атамекен»
8	Тұғыры биік «Тәуелсіздік сарайы»
10	«Қазақстан» Орталық концерт залы/Центральный концертный зал «Қазақстан»/Central concert hall “Kazakhstan”
12	Театр оперы и балета «Астана Опера»
14	Астана қаласы әкімдігінің мемлекеттік филармониясы
16	«Астана көңілді тапқырлар театры»
18	«Астаналық цирк»
20	Сыршыл ақын «Сәкен Сейфуллин атындағы мұражай»
22	«АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешені
23	«Қазіргі заман өнер мұражайы»
24	М.Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театры/Русский театр драмы им. М. Горького/ Russian drama theater named after M.Gorky
26	«Жастар сарайы»
27	«Қ.Қуанышбаев атындағы академиялық қазақ музыкалық драма театры»
28	«Бейбітшілік және келісім сарайы»
29	«Орталықтандырылған кітапханханалар жүйесі»
30	«Қуыршақ» театры
32	«Наз» мемлекеттік би театры
34	«Әуен» дыбыс жазу студиясы
34	Астаналық концерт компаниясы – это сплоченный и дружный коллектив
35	«Жастар театры»
36	«D’art’s» студиясы
37	Астана қаласы мәдени орталықтарының 2014 жылғы ақпан айында өткізілетін іс-шаралары

УДК 069 (574)
ББК 79.1 (5 Каз)
И 42

Бас редактор – Әсем Сағикқызы
Тілшілер: Зылиха Салих, Сезім Жүсіпқызы, Аслан Есен,
Әсем Сағидолла
Ағылшын тіліне аударма жасау ісіне қатысқандар:
Венера Бехбудова, Ақжарқын Умарова
Дизайнер: Олжас Кожамбетов



Құрметті оқырмандар!

Тарихты таразылап, елдің өткені мен бүгініне сергек қарайтын жанның қашанда келешекке басқан қадамы нық болады. Ел іргесін бекем ету үшін тәуелсіздік міндеттенген межелердің – айқын мақсаттардың – нақты болуы қажет.

Бұл орайда, Елбасымыз мемлекеттік дамудың 2050 жылға дейінгі стратегиялық бағдарламасын жариялап, ең негізгі бағыттар мен міндеттерді айқындап берді. Өркендеудің жаңа бағытын нұсқап, межелі мақсаттарды іске асыруға шақырды.

Тәуелсіздіктің жиырма екі жылында ел руханияты мен тарихи құндылықтарымыз қайта түгелденіп, ұл шежіресі бүгінгі күн биігінен жаңаша бағамдалуда. Ұлттық тарихты зерделеу жұмыстарына маңыз беріліп, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында бұрын жарыққа шықпаған мұрағат құжаттары ғылыми айналымға енгізіліп, мұражайлар мен тарихи ескерткіштер қалпына келтіріліп жұртышылықтың игілігіне ұсынылуда. Бұл – мемлекеттің өткенге құрмет, тарихқа тағзым, ұлттық құндылықтарға деген қамқорлығының нышаны.

«Астана қаласының мәдени мұрасы» республикалық журналы да тарихымызды түгендеп, оны әлемге танытуға арналған ғылыми басылым. Елімізде 2017 жылы өтетін «ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі» аясында ел тарихын шет ел жұртышылығына таныту – шараның басты міндетінің бірі. Бұл ретте, қолыңызға тиіп отырған журналдың тарихи-мәдени маңызы жоғары. Себебі мұражай – елдің өткені мен бүгінін жалғап, маңызды сәттерді қазқалпында сипаттайтын қадірлі орын. Тарихи жәдігерлер – ата-бабалар жүріп өткен жолдары ұрпақ жадында жаңғыртып, олардың бойына тарихи сана қалыптастыру, оларға патриоттық тәрбие беру тұрғысынан ерекше маңызға ие.

Астана – еліміздің жүрегіне, тәуелсіздіктің тірегіне баланатын, өңірлерге – өнеге, аймақтарға үлгі болып саналатын айшықты қала. Бүгінде Елордамыздың өнер саласы өрге жүзіп, мәдениеті дара сипатта дамып келеді.

Бұл ретте, осындай игі шаралар ел руханияты мен тарихи мәдениеттің дамуына тыңнан жол ашып, ұлттық мұражайтану ғылымының өркендеуіне маңызды үлес қосады деген сенімдемін.

Иманғали Тасмағамбетов,
Астана қаласының Әкімі,
Қазақстан Республикасы ЮНЕСКО және ИСЕСКО
істері жөніндегі Ұлттық Комиссиясының
Төрағасы

АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘДЕНИЕТ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ



Уважаемые коллеги!

В Новом, 2014 году в нашей культурной сфере свершилось еще одно важное событие – выпуск первого номера журнала «Астана қаласының мәдени мұрасы – Культурное наследие города Астаны», который будет освещать культуру, историю нашей страны. И это не случайно, хорошие события всегда начинаются в хороший день. Мы уверенно смотрим в будущее, гордимся своей страной так как мы живем в многонациональном государстве, и, я думаю, что каждый казахстанец должен внести лепту в дело процветания своей страны. И Ваш журнал станет примером для многих казахстанцев, воспитывая уважение к культурному наследию своей страны.

Культура – это история, а история – это цивилизация художественного начала в человеке, базис эстетического воспитания личности, позволяющий расширить мировосприятие человека, внушая уважение к жизни и творчеству его предков, культуре и истории других народов мира.

Я думаю, Ваше издание сыграет основную роль в сохранении культурных ценностей народов, проживающих на территории нашего государства.

Желаю Вам процветания, расширения круга читателей и занять свое место в мире печатных изданий!

Болат Мажагулов,

Руководитель Управления культуры
города Астаны



Төкесбай Қанат Сапарұлы
мәдениет басқармасы
бастығының орынбасары



Макашева Айгүл
Баткеновна
экономика-қаржы бөлімінің
бастығы



Әбжан Көгершін
Сағидоллақызы заң
қызметі және мемлекеттік
сатып алу бөлімінің
басшысы



Қарсаубаева Гүлден
Далабайқызы тарихи және
мәдени ескерткіштерді
қорғау жөніндегі инспекция
бөлімінің басшысы



Әліқұлов Болатбек
Тұрмағамбетұлы
Ішкі бақылау
бөлімінің басшысы



Садуақасова Оразхан
Даулетяровна персоналды
басқару бөлімінің басшысы



Нүрпейісова Бақыт
Қазақстанқызы өнер
бөлімінің басшысы

Этно-мемориальный комплекс «Карта Казахстана «Атамекен»

Этно-мемориальный комплекс «Карта Казахстана «Атамекен» был открыт 8 сентября 2001 года по инициативе Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева. Учредителем предприятия является акимат города Астаны. Уполномоченным органом предприятия является Управление культуры города Астаны.

.....

Целью деятельности Карты Казахстана «Атамекен» является обеспечение сохранности, доступности и приобщение населения к историко-культурным и духовным ценностям, пропаганда достижений казахстанской культуры, содействие в изучении исторического наследия Казахстана, отражение колоритности всех природных зон и экономических достижений Республики Казахстан, сохранение и приумножение культурных ценностей.

Познавательно-художественный комплекс «Карта Казахстана «Атамекен» познакомит Вас с историей государства, культурой народов его, населяющих. Стилизованные горы, возвышенности, степи, леса, озера, символически обозначенные крупнейшие города составляют

ансамбль этого центра культуры. Интересной частью Карты Казахстана «Атамекен» является декоративно оформленная модель Каспийского моря. Путешествие по дорожкам Карты, которые соответствуют главным автомобильным и железным дорогам страны, позволит изучить наиболее значительные достопримечательности Казахстана.



Оразымбетова Бахытжан Камаловна,
Заслуженный деятель культуры РК,
почетный работник культуры и туризма,
Руководитель научно-методического
центра экскурсоведения,
член ИКОМ Казахстан





ТҰҒЫРЫ БИІК «ТӘУЕЛСІЗДІК САРАЙЫ»

Біртұтас елдігімізді сақтап, ынтымақтастық пен татулыққа қол жеткізу жас мемлекетіміз үшін аса қымбат. Ел тәуелсіздігін қалыптастыру жолындағы болашаққа деген сеніміміз мақтан тұтар сан ғасырлық тарихымызды насихаттап, әлемдік өркениетке қол жеткізуді місе тұтпақ. Әлем таныған Қазақстанның алар асуы мен шығар биігі тірегіміз болған тәуелсіздігімізді сол себептен асқақтата беретіні сөзсіз. Егемендігімізді нығайту жолында атқарылар шаруалар мемлекет азаматтарының мойнына жүктелген парыз десек қате айтқандай болмаспыз. Өткенге тағзым, болашаққа үміт міндеті осының айқын көрінісі.



Әсел Раисқызы Умиршина,
«Тәуелсіздік сарайы» МКҚК директоры,
«ҚР Конституциясына 10 жыл» және
«ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл»
төсбелгілерінің иегері

Қазақстанның жана дәуірде жеткен жетістігі ол – Тәуелсіздік. Ал Астана төрінде орналасқан «Тәуелсіздік сарайының» сол тәуелсіздігімізді қалыптастыру бағытында өз жұмыстарын жасап келе жатқанына бес жылдың жүзі болыпты. Жауһардай жарқыраған, сұлулық пен мәдениеттің ордасына айналған мекеменің жүрегі тек «Тәуелсіздігіміз – тірегіміз» деп соғып тұрғандай.

Тәуелсіз Қазақстанның халықаралық жағдайы мемлекеттің саяси ұстанымына айналып отыр. Шын мәнісінде тәуелсіздік туы көтерілген күннен бастап, халық оны жүрегімен сезінуге тиіс. Егемендікке ұмтылыс ұлттың рухын, қоғамның жігерін тасытып, демократиялық даму жолына бет бұрғыздырды. Сондықтан да ел егемендігіне орай ашылған «Тәуелсіздік сарайы» мемлекет игілігі үшін қызмет етеді. Даласы дархан, қойнауы қазынаға толы халық мәдениетін паш ету осы тұста керек-ақ. Жаңа әлемдегі жана Қазақстанның мүддесі ел бірлігіне және ұлт татулығына байланысты дер едім. Ал, қазақ елінің жасампаздық рухы мәңгілік ел қағидасымен өмір сүруді қажет етеді. Еліміздің ұлы тарихына күні ертең ұрпақтарымыз бас иіп, құрметпен қарасын десек, бұл бағыттағы іс-әрекетті күн тәртібінен қалдыруға хақымыз жоқ. Қоғамдық өмір, отанымыздың мүддесі егемендікті нығайтуға күш жинаса, әлем қызыға қарай бермей ме? Орталық Еуразия алабында орналасқан Қазақстан мемлекеті өзіндік қайталанбас тарихы мен ұлттық құндылықтарының арқасында ғана барша әлемді өзіне аударта алады.

Отанды оттан да ыстық деп жатамыз. Қазақ елінің есімін аңызға айналдыратын ата-бабаларымыздан қалған жәдігерлерді насихаттау мекеме қызметкерлерінің мойнына жүктелген міндет. Бұған дәлел сарайдағы қазақстанның



тарихынан сыр шертетін мұражай залын айтуға болады. Халқымыздың өнерге қаншалықты жақын екендігін және өнегелі істерін көрсететін өнер мұражайы қанға сіңген қасиетімізді ұрпаққа дарыту ісінің жалғасы іспеттес. Қол өнер және этнография, археология және антропология галереясынан Алтын Адам, Сармат батыры, құпия жазулары бар тастар мен адам киімі, аттардың әшекейлерін және т.б. көруге болады. Қазіргі заман мұражайында танымал суретшілердің жұмыстары, қыш, қола, ағаштан жасалған мүсіндер орын алған. Сарайдың ортасында аумағы 9 мың шаршы метрді қамтитын Астана макеті 2030 жылға дейінгі даму көріністерін бейнелеп отырады. 4D кинотеатры залында қазақ мәдениетінің тарихынан сыр шертетін Бәйтерек аңызы және Астана қаласының қалыптасу кезеңі жайындағы деректі фильмдер көрсетіледі.

2013 жылдың желтоқсан айында Тәуелсіздік сарайының 5 жылдығы аталынып өтті. Тәуелсіздік сарайын ашу әу баста Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының идеясы болатын. Осылайша мекеме 2008 жылы қонақтарына өз есігін айқара ашты. Тәуелсіздік сарайы деп аталуының себебі, мемлекетіміздің Тәуелсіздікке қол жеткізуіне және Тәуелсіздік мерекесіне орай құрылуы еді. Дер кезінде жүзеге асыра алатын мемлекеттік ресми іс-шаралар мен мәжілістерді, кездесулерді, сондай-ақ, халықаралық деңгейдегі съездерді, форумдарды және саммиттерді өткізетін бірден-бір әмбебап сарай деп атауға болады. Ғимараттың сыйымдылығы мен техникалық жабдықталуы да әлеуметтік және экономикалық маңызы бар іс-шараларды жоғары деңгейде өткізуге мүмкіндік бере алады. Қазір Тәуелсіздік сарайында Қазақстандағы Франция маусымы аясында «Наполеон. Өмір, Аңыз» көрмесін бір ай бойы өткізу жоспарланды. «Менің өмірім - роман» деп Наполеон Бонапарттың өзі айтқандай, көрме өзіндік және дәлме-дәл нысан деңгейінде ұйымдастырылып отыр. Франция



мемлекетінен арнайы әкелінген экспонаттар Наполеон Бонапарттың жеке тұлғалық қасиетінен өмірінің соңғы күніне дейінгі кезеңді қамтиды.

Тәуелсіздік сарайының қабырғасында өткізіліп жатқан қандай да бір іс-шараларды алып қарасақ та, тарихи сәттер қатарына жатқызуға болады. Мәселен, жақында өткен Елбасы жолдауы соның бір дәлелі. Нұрсұлтан Әбішұлының қазақ мәдениетінің әлемдік деңгейдегі орны мен келешегі жайында айтқан пікіріне толықтай қосыламын. Мәдени саясатты дамытуда қазақ мәдениетінің шет мемлекеттерде шоғырлануы қазір бізге өте қажет. Осыған орай әлемдік қауымдастыққа енуде біздің де мәдени тұжырымдамамыз өзіндік деңгейде дайын болуға тиіс. Мәдени мекеменің басшысы ретінде маған қойылар тағы бір талап – білім арқылы кәсіби маман ретінде тәжірибе жинақтап, оны өзгелермен бөлісу. Білімнің шыңдалуына қол жеткізіп, қол астындағы қызметкерлеріме үлгі бола білу.

Қазір мекеменің жоспарында екі бірдей ең ірі жобалар тұр. Оның бірі – Ресейдің Қазақстандағы, ал екіншісі – Қазақстанның Франциядағы мәдени күндері аталынып өтпек.



«ҚАЗАҚСТАН» ОРТАЛЫҚ КОНЦЕРТ ЗАЛЫ

«Қазақстан» Орталық концерт залы – заманауи технологияларға негізделген және түрлі көлемдегі іс-шараларды: мерекелік және ресми жиналыстарды, отандық және шетелдік жұлдыздардың концерттерін, конференциялар мен тұсау кесер рәсімін, жиналыстар мен көрмелерді өткізуге лайық қаламыздағы бас кешендердің бірі.



Салтанат Ақселеуқызы Сейдімбек,
«Қазақстан» Орталық концерт залы» МКҚК
директоры

Аталмыш идеяны құруды Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бастаған болатын. Ғимараттың көркемдік көлемі Президент Резиденциясының, сондай-ақ, Сенат және Мәжіліс ғимараттарының қазіргі заманғы құрылыс нысандарымен дөп үйлеседі. Жобаның авторы – маэстро Манфреди Николетти болып табылады. Ол тек жоба

құрастырушылардың бірі ғана емес, әлемнің құрылыс саласындағы қазіргі заманғы табиғи ұстанымы бар сәулетшілердің қатарында саналады. Ғимараттың басты негізі оның концерт залы. Ал зал құрылымының ерекшелігіне келсек, көлемі мен акустиканың сапалылығы жағынан әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыруға арналған. Концерт залдың сахнасында мемлекеттік деңгейдегі жиындар мен әлем жұлдыздарының концерттері өткізіліп тұрады. Сонымен қатар, ғимаратта конференц-зал, бутиктер, ресторандар, бар мен кафетерилер де орналасқан. Осының бәрі «Қазақстан» концерт залына келген көрермендерге уақыттарын тиімді өткізуге себін тигізеді.

Бүгінгі таңда бұндай жобалар ешбір ТМД елдерінде жоқ десек болады. Қазақстан Республикасындағы мәдени орталықтар мен сәулеттік ғимараттардың ішіндегі ең маңызды нысаналардың бірі болып саналады. Ғимараттағы бір ғана жарық түсірілімінің өзі Қазақстан астанасының саяси және мәдени өмірінің дамуына себін тигізетіндей. «Қазақстан» концерт залына Астана қаласының қонақтары мен тұрғындары зор құрметпен келіп тұрады.

Редакция



ЦЕНТРАЛЬНЫЙ КОНЦЕРТНЫЙ ЗАЛ «ҚАЗАҚСТАН»

Центральный концертный зал «Қазақстан» – это первый столичный центр, оснащенный самыми передовыми технологиями и предназначенный для проведения массовых мероприятий: торжественных и официальных встреч, концертов мировых и отечественных звезд, конференций, презентаций, собраний и выставок.

Идея создания такого сооружения принадлежит Президенту Республики Казахстан Нурсултану Абишевичу Назарбаеву. Комплекс удачно гармонирует со зданием Резиденции Президента, зданием Сената и Мажилиса благодаря художественности объемов и современному строительному подходу. Автором проекта является маэстро Манфреди Николетти. Это не только один из самых авангардных проектировщиков в мире, но и один из самых востребованных архитекторов современности, прославившийся на весь мир природными принципами строительства. Основой всего комплекса является концертный зал. Конструктивные особенности зала позволяют успешно сочетать большую вместимость и отличные акустические характеристики для различного рода мероприятий. На сцене концертного зала проходят мероприятия государственного значения и выступают всемирно известные звезды. Так же в здании расположены конференц-залы, бутики, рестораны, кафетерии и бары. Все это способствует благоприятному время проведению зрителей, посетивших концертный зал «Қазақстан».

На сегодняшний день такого уникального проекта нет ни в одной из стран СНГ и он, безусловно, является одним из самых значимых архитектурных сооружений и культурных центров Республики Казахстан. Его софиты освещают события, которые потом входят в историю развития как культурной, так и политической жизни столицы Казахстана. Центральный концертный зал «Қазақстан» с удовольствием посещают горожане и гости Астаны.

Редакция

CENTRAL CONCERT HALL “KAZAKHSTAN”

Central concert hall “Kazakhstan” is the first center, which is equipped with the most advanced technologies and designed for holding mass events: ceremonial and official receptions, concerts of the world known and national stars, conferences, presentations, meetings and exhibitions.

The idea of creation of such building was given by the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev. The building was built by using the modern architecture, many art features and thanks to these peculiarities the building conveniently harmonizes with the Residence of President, building of Senate and Majilis. The author of the project is maestro Manfredi Nicoletti. He is not only the most avant-garde designers in the world; also he is one of the most desirable architects of the age, who became famous all over the world by using the nature features to the construction. Concert hall is the main part of the complex. Structural aspects of the hall provide an opportunity to combine seating capacity and great acoustic characteristics for different events. The state significant events and concerts of the world known stars hold events on the stage of the concert hall. There are also conference halls, boutiques, restaurants, cafeterias and bars. All these facilities give pleasure to visitors of concert hall “Kazakhstan”.

Today there is no such unique project in the CIS (Commonwealth of Independent States) and undoubtedly, it is one of the most significant architectural structure and cultural center of the Republic of Kazakhstan. Its lights cover the events which later will be included to the history of development as cultural as well as political activities of capital of Kazakhstan. Citizens and guests of Astana visit the central concert hall “Kazakhstan” with a great pleasure.

Editorial staff



Театр оперы и балета «Астана Опера»

Государственный театр оперы и балета «Астана Опера» был основан в 2012 году по инициативе Президента РК Н. А. Назарбаева. «Огромное значение в развитии культуры нашей страны имеет открытие в Астане театра оперы и балета «Астана Опера», который, по своему архитектурному облику и красоте, возможностям акустики, является одним из лучших в Европе. Важно, чтобы он стал одной из ведущих евразийских культурных площадок, а выступление на его сцене было престижным для мастеров искусства страны и мира», – сказал Н. А. Назарбаев.



Толеген Мухамеджанов,
Композитор, лауреат Государственной
премии РК, кавалер ордена «Парасат»,
профессор,
директор Государственного
театра оперы и балета «Астана Опера»

В 2013 году произошло важное событие в жизни горожан и всех жителей Республики Казахстан – театр «Астана Опера» открыл свой первый театральный сезон оперой Мукана Толебаева «Биржан-Сара».

Театр оперы и балета «Астана Опера» является одним из самых красивейших театров мира, его архитектурное великолепие завораживает взгляд и дает возможность перенестись на многие тысячелетия назад, погрузиться в атмосферу античности. На исконные классические штрихи древнегреческого стиля плотно ложится традиционный казахский национальный орнамент, покрытый сусальным золотом. Изнутри театр облицован белым мрамором и редкими сортами дерева, обеспечивающими самое правильное акустическое звучание: буком, березой и черешней. Монументальное здание такого масштаба является одним из символов нашей Независимости, только Независимый Казахстан смог позволить себе построить такое грандиозное сооружение. Сегодня все делается для того, чтобы внутреннее содержание театра ничуть не уступало его наружной красоте. Разнообразный репертуар, включающий шедевры оперной классики в постановках известных мастеров мирового театрального искусства, оригинальные шоу - все это и многое другое в скором времени можно будет увидеть на подмостках «Астана Опера». В октябре этого года состоится мировая премьера Государственного театра оперы и балета «Астана Опера», и он распахнет свои двери всему миру.

Двери «Астана Опера» открыты абсолютно для всех, ждем Вас. Приятных впечатлений.





АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ФИЛАРМОНИЯСЫ

Қазақстан Республикасының Елордасы Ақмола қаласына көшірілуімен 1997 жылы желтоқсанда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен қала басшылығының алдында басты мақсат қойылды: болашақта республикамыздың орталығы – үздік қаласы болатын жаңа елорданың әлеуметтік білім және мәдени өрісінің дамуына аса үлкен көңіл бөлу. 1963 жылдан бастап жұмысын атқарған бұрынғы Ақмола облыстық филармония негізінде 1997 жылы Елорда филармониясы құрылды.

Еуразия орталығы, Астана қаласына мемлекетіміздің барлық жерлерінен кәсіби музыканттар және шығармашыл, дарынды жастар келе бастады. Олардың күш салуымен мемлекеттік филармония музыкалық мәдениет саласында шығармашылық жетістіктерге жетті. Жетекшілердің кәсіби ісі мен ынтасы арқасында қазіргі таңда да республика елордасын танытатын ұжымдар құрылды.

Елордамыздың құрылу күнінен бастап, филармония Астана қаласының мәдениет саласындағы тұңғыш кәсіби шығармашылық ұжымдарының бірі болып табылады. Негізгі кәсіби қызметі – халықтың мәдени демалысын ұйымдастыру, жастар мен өсіп жатқан ұрпаққа өнегелі және эстетикалық тәрбие беру, қазақ өнерін, Қазақстан халықтарының музыкалық мұрасын және әлемдік классикалық музыкасының жауһарларын насихаттау. Астана қаласы Мемлекеттік филармониясының құрамына 13 ұжым енеді: қазақ халық аспаптар оркестрі, симфониялық оркестр, үрлемелі аспаптар оркестрі, Мемлекеттік «Академия солистов» камералық оркестрі, Ғ. Жұбанова атындағы Мемлекеттік ішекті аспаптар квартеті, камералық хор, классикалық және эстрадалық вокал бөлімі, «Сарыарқа» ұлт аспаптар ансамблі, дәстүрлі ән бөлімі, үрлемелі ағаш аспаптар квинтеті, «Шалқыма» халық би ансамблі, «Арман» вокалды-аспаптық ансамбль,



Бас директоры және көркемдік жетекшісі - ҚР «Мәдениет қайраткері» Абдрахманов Сәкен Сейтқалиұлы





және музыкалық-шығармашылық бөлімі. Астана қаласы Мемлекеттік филармониясының әртістері өз кәсіби деңгейін жетілдіре отырып, мәдениет саласында беделді орын алып, астананың мәдени өміріне өз үлесін қосуда. Филармонияның солист әншілерінің арасында ҚР халық әртістері: Айман Мұсаходжаева, Қайрат Байбосынов, Нұржамал Үсенбаева мен ҚР еңбегі сіңген қайаткері Айтқали Жайымов та бар.



Елорда күні қарсаңында Мемлекеттік филармониясының шығармашылық ұжымдары осыдан 44 жыл бұрын көрермендердің көзайымына айналған «Тақиялы періште» кинофильмінің бұрын-сонды болмаған концерттік қойылымын ұсынды. Біртуар режиссер Шәкен Аймановтың тамаша көңіл-күй сыйлап қана қоймай, қызықты сюжетімен есте қалатын ерекше «Тақиялы періште» фильмі 1968 жылы жарыққа шықты. Фильм барысында 60-жылдардағы Алматы қаласы, сол кездегі жастардың болмысы көрсетіліп, сюжет «Тақиялы періште» деп еркелететін кенже баласының бойдақ жүргені жүрегіне батқан Тана апаның баласына қалыңдық іздеу желісіне құралған.

Зылиха Салих



АСТАНА КӨҢІЛДІ ТАПҚЫРЛАР ТЕАТРЫ

«Астана көңілді тапқырлар театрын» елімізге танымал тұлғалардың бірі, кезіндегі жайдарманшы Тұрсынбек Қабатов басқарады. Мұндай театрды ашу идеясы Астана қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетовке тиесілі және ол қала басшысының тікелей қолдауымен құрылған. Театрдың шығармашылық тобы жеке әзіл орындаушылардан, яғни пародистер мен әзіл-сықақшылардан құралған. «Базар жоқ» деген атауға ие болған шығармашылық топ болып саналады.

Бүгінде қазақ сатирасында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып үлгерген театр әртістері халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп жүр. Театрдың басшысы қызметіне сықақшы, шоумен, Қазақстан КВН құрамасының ойыншысы Тұрсынбек Қабатов тағайындалған болатын. Өмірдің әр-қырымен байланыстыра отырып, қоғамдағы келеңсіздіктерді кейде сынмен, кейде әзілмен ойнақы жеткізу арқылы жас театрдың өзіндік жаңа стилі қалыптасты. Бүгінде халық арасында «Базар жоқ» деген атауға ие болған театрдың шығармашылық ұжымында таланты актерлер және әншілер жұмыс жасайды. Актерлер құрамында қазіргі кезде елімізде кенже қалған пародия өнерінің дамуына атсалысып жүрген Аманғали Спабеков, Олжас Сыдықбеков, Ерболат Төлегенов, Бақытжан Қасымов, Дәркен Есімбеков сынды талантты әртістер бар. Сондай-ақ, Қанат Әлжаппаров, Қайрат Әділгерей, Медет Досханаев, Арман Жаналиевтер қазақ сатирасының алға өрлеуіне өз үлестерін қосып жүрген ізденімпаз жігіттер.

Өзгені күлдіру үшін әдемі әрі өтімді әзіл айту үшін театр басшысы үнемі өзі атсалысып келеді. Әр сықақшыға бейіміне қарай бағыт беріп, сол себептен сала туралы әзілдер жаңартылып отырады. Құралған әзілді кейін театрдағы сценаристер мен редакторлардың бақылауында.

«Тұрсынбек, Тұрсынбееееек, Қабатов Тұрсынбек...» деген өлең жолдарын бәрімізге кеңінен таныс. Театр басшысы Тұрсынбек Қабатовтың айтуынша, ол бренд және өнер адамының фишкасы болып саналады. Былтыр 2013 жылы «Әзіл әлемі» атты жеке концертпен ел ішін аралады.

Негізі, бұл театрдың бағыты бөлек. Ол жерде жеке монологшылардың сатирасын дамыту жұмысына ерекше көңіл бөлінеді. Әртістердің мәтіндері тексеріліп, саяси қателерге, сондай-ақ жеке тұлғалардың ар-намысына нұқсан келетін сөздерге жол берілмейді. Адам баласына рухани қазына сыйлайтын өнердің дамуына бір кісідей атсалысып жүрген театр ұжымы әркез шығармашылық ізденіс үстінде. Өнердегі үйлесімділікті таба білген «Астана көңілді тапқырлар театрына» рухани тұрғыда әлі де шыңдала түссін деген тілегіміз бар.



Сезім Жүсіпқызы



АСТАНАЛЫҚ ЦИРК

Есілдің сол жағалауында орналасқан және сыртқы көрінісі «ұшатын тарелкаға» ұқсас цирк ғимараты көзге бірден түседі. Ғимараттың сәулеттік идеясы жоғарғы технологияның негізінде іске асырылып, ішкі көрінісі мен кеңейтілген инфрақұрылымы ерекше әсер береді. Елордамызда алғаш рет құрылған цирк ұжымы. Акробаттар, эквилибристтер, үйретушілер, аттағы жігіттер, ауада өнер көрсететін гимнасттар, иллюзионистер мен сайқымазақтар цирктің кішкентай және ересек жанкүйерлерінің көңілдерінен қашанда болса шыға біледі. Циркте өнер иелерімен бірге африка арыстандары, шотланд пониері, түйелер, аюлар, есектер, маймылдар және иттер сынды жануарлар да өнер көрсетеді. 2005 жылдың желтоқсанында ел Президенті Н. Ә. Назарбаевтың және Астана қаласы әкімдігінің демеушілігімен өткен цирктің ашылу салтанаты Қазақстанның жас астанасының мәдени өмірінде айрықша мәні бар оқиғалардың бірі болды және бүгінгі таңда жағымды жағынан танылып отыр.

Қазіргі таңда цирк ұжымын ҚР еңбегі сіңген әртісі және «Жігер» фестивалінің иегері Ерік Қалиұлы Жолжаксынов басқарады.



Ерік Қалиұлы Жолжаксынов,
ҚР еңбегі сіңген әртісі және «Жігер»
фестивалінің иегері,
«Астаналық цирк» МКҚК директоры

Жобаның авторы, архитекторы – Төлеген Әбділда. Ол цирктің «ұшатын тарелкаға» бейнесіндегі теңдессіз ғимаратын ойластырған талантты өнер иелерінің бірі. Классикалық диаметрдегі (13 метр) көрермендер залы 2000 адамға арналған. 36 орындық VIP бөлігімен қоса, цирк ғимаратына жүзден аса тұтынушыларға арналған 4 қабатты қонақ үй блогы жалғасқан. Сонымен қатар, әкімшілік-шаруашылық бөлімі мен цирк әкімшілігі, әртістердің киіну бөлмесі, жаттығу манежі, аңдарға арналған вольер, шеберханалар және т.б. қосалқы шаруашылық жайлары да бар.

Өнер ордасының ғимараты қазіргі заман талаптарға сай жасалынып, акробаттардың ұшуына арналған құрылғылар мен лазерлік шоу жабдықтары, мұзды алаңға айналатын тасымалдаушы манеж де одан сайын цирктің көркін аша түскен. Оның құрылымы басқарма аппаратынан және шығармашылық топтан тұрады. Үш жүзден аса қызмет ететін цирк әртістерінің арасында «Цирк өнері» номинациясының лауреаттары бар. Астана, Қостанай, Алматы, Шымкент, Қарағанды қалаларының талантты жастары цирк тобын толықтыра түсті. Астаналық манеждің шеберлері Италия, Испания, Қытайда өткен ең беделді халықаралық фестивальдер мен байқаулардың жеңімпаздарының қатарына кіреді. Шығармашылық ұжымының халықаралық ынтымақтастығының шеңберінде цирк әртістері Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия және Жапония елдерінде өз өнерлерін паш етті.





Цирк ұжымы жоғары деңгейдегі нөмірлерімен халықты үнемі таң қалдырып жүреді. Аттракциондар мен бағдарламалар негізінде жарыққа шыққан бағдарламалар барлық бағыттарды қамтыған. Мәселен, акробатика, гимнастика, клоунада, иллюзия, жабайы және үй жануарларын үйрету сияқты жұмыстары цирк қызметкерлерінің өз міндеттеріне айналған. Жылына циркке 50 000-нан аса балалар мен ересектер келеді. Цирктің репертуарына келсек, ең үздік жаңажылдық ертегі «Таңғажайыпты сақтаушылар» болды. Сонымен қатар, «Бес континенттен әкелінген аңдар мен құстар әлемі», «FIESTA», «Грез аралы», «Африка пілдері» және т. б. қойылымдарымен көрермендерін таң тамаша қалдыруда.

Әсем Сағиқызы

СЫРШЫЛ АҚЫН СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ МҰРАЖАЙ

Ұлт тарихын қамтыған С. Сейфуллин атындағы мұражай елордадағы жалғыз әдеби-мемориалдық кешен болып саналынады. Ақын, прозашы, драматург, публицист, сыншы, әдебиеттанушы, педагог, қоғам және мемлекет қайраткерінің өмірінен сыр шертетін мұражайдың тарихы 1988 жылдың ақпан айынан бастау алады. Қазақ поэзиясына өзіндік үлесін қосып үлгерген ақынның шығармалары бізге кеңінен таныс. Ана тілін сұдулап, әрі кестеленген әсерлі жырларымен шебер суреткер екендігін дәлелдей алған ақындардың бірі. Ол ең алдымен өз заманының өмір сүрген дәуірін жырлап, жаңашыл өзгерістерге қол соза білді. Туған даласын тамсана жырлаған сыршыл ақынның қоғамдық өзгерістерге деген көзқарасын оның шығармаларынан анық байқауға болады. Поэзияда лирик ақын атанған Сәкен Сейфуллиннің ұстанымы батылдық пен азаматтық ой тастап, санаға сағынышты сезімді бағындырғандай.



С. Т. Сабырбеков,
С. Сейфуллин атындағы мұражай
директорының орынбасары

Қазақтың бағына туған жандар жайлы қанша айтсақ та артық болмайды. Алаштың айтулы азаматы Сәкен Сейфуллинді сондай адамдардың қатарынан көре аласыз. Жиырмасыншы жылдары қоғамның дамуына түбегейлі өзгерістер әкелген ақын үнемі халқының жағында жүрді. Әу баста мұражайдың ғимаратын орыстың көпестері өз мақсаттарына пайдаланған екен. Алаш азаматының өміріне қатысты уақыт өте жәдігерлері жинақталып, ғимарат мұражай ретінде ашылды. Қаншама жылдардан бері халыққа қызмет ету барысында жәдігерлер бірнеше рет жаңартылып, соңғы рет 2011 жылы қайтадан толықтай жаңаша қалыпқа түсірілді. Мұражайдың сыртында тұрған тарихи ескерткіш ақынның 100 жылдығына және 1996 жылы Астана қаласының құрылуына орай салынып, яғни елорданың келбетіне сай тұрғызылды.

Мұражайда ақынның ең соңғы ауыр жазаға ілігер алдында түсірілген фотосуреттері мен қолжазбалары аса құнды құжаттар болып отыр. Экспозиция бірнеше залға бөлінген: «Балалық және жастық шағы», «Мемлекеттік қызметі»,

«Педагогикалық қызметі», «Әдеби қызметі», «Ел есінде», «С. Сейфуллиннің жеке кабинеті» мен ақынның жанұясына тиесілі заттар бөлмесі мен Мәжіліс залы да орналасқан. Мұражай мәдениетінің бүгінгі күнге дейін қалыптасу жолын салыстырмалы түрде айту оңайырақ болар, бәлкім. Жәдігерлер құрылымдары барынша сақталынып өзгертілді және жақсартылды. Жаңа технологиялар бойынша

іске асырылған жұмыстар мен бағдарламалар, әр түрлі тақырыптағы деректі фильмдер мен жаңа жобалар да бар. Мұражайдың қор бөліміндегі 6000-ға жуық жәдігерлердің

барлығы дерлік цифрлық форматқа көшіріліп, автоматтық жүйеге қосылған. Яғни, кез келген жәдігер туралы толық ақпарат алуға болады. Біз тарихқа өте әуес халықпыз ғой. Ешуақытта жалаң тарих болмайтыны белгілі, әрі бұндай мұражайлар халыққа қажетті дерегін бере алады. Жәдігерлердің арасында ақынның жеке заттары да орналасқан. Мәселен, жазу машинкасы, алтын сағаты, шапаны мен тақиясы, жазу құралы, сия сауыты мен костюмі де бар.

*Асыл бабамыз Сәкен Сейфуллиннің
аруағы тәуелсіз елімізді желеп-жебеп жүрсін.*

Н. Ә. Назарбаев
Қазақстан Республикасының Президенті
17 тамыз 1995 жыл

Жасөспірімдер тәрбиесіндегі кемшілікті азайту үшін қазір «мұражай педагогикасын» енгізу мәселесі көтеріліп жатыр. Биылғы жылдан бастап ЕҰУ-де мұражай ісін жүргізуші және мұражай тарихын зерттеуші жаңа мамандықтары ашылды. Студенттері тәжірибеден өтіп, кейін оқуларын аяқтай салысымен жұмысқа қабылданулары үшін аталмыш оқу орнымен біздің мекеме келісім-шартқа отырды. Жас ұрпақты ұлттық құндылық бағытында тәрбиелеу маңызын түсіндіруге арналған игі бастама десек те болады. Қай уақытта да елдің мәдениетін көрсетіп, рухани құндылықтарға бай екендігін танытатын мұражайлардың болашағы жарқын болса екен деймін. Ол үшін насихаттау шаралары кеңінен жүргізілуі тиіс. Ең дұрысы – ЕХРО 2017 халықаралық көрмесін толықтай дайындық күйінде өткізген дұрыс. Негізгі қордағы жәдігерлердің 500-ден астамы ғана мұражайда тұр. Қалған жәдігерлер мұражайдың тарлығынан кезектесіп қойылып жатыр. Ғимараттың мүмкіншілігіне сай жәдігерлердің барлығын халыққа емін-еркін көрсете алсақ жақсы болар еді. Осы мәселе бойынша жоғары жаққа хат жазған болатынбыз. Өкінішке орай, мұражайдың айналасына белгілі бір себептерге байланысты кеңсе салу мүмкін емес. Болашақта бұл мәселе шешімін табады деген сенімдемін.

Қазақтың апталдай азаматы Сәкен Сейфуллиннің қайтыс болуына байланысты түрлі мәліметтер шығып қалып жатады. Бірақ, ғылыми түрде дәлелденген ешбір құжат жоқтың қасы. Айшықты түрде бізге жеткені оның ұсталған күннен бастап, атылған кезіне дейінгі құжаттар ғана дерек көзін растап отыр. Халықтың көз алдында жүріп өткен қысқа ғұмырында ол туралы сексен пайыздай зерттелінді деп санаймын. Оның балалық шағына байланысты ақпараттар сәл көмескілеу. Тек туған қызы арқылы бізге біршама мәліметтер жеткенімен,

ол кісінің өзі дүниеге кейін келгендіктен біраз нәрсе біле бермейді. Атақты адамдарға қатысты мұражайлар жайдан-жай пайда болған жоқ қой. Халыққа қызмет еткен ұлы тұлғалар ғана осындай мәртебеге ие. Сәкен Сейфуллин қазаққа қазақ деген атты қайтарып берген асыл азаматтардың бірі де бірегейі.



«АЛЖИР» МЕМОРИАЛДЫ МҰРАЖАЙ КЕШЕНІ

Аталмыш мұражай жайлы қанша рет айта берсек те болады. Кезінде «АЛЖИР» деп аталып кеткен Ақмола халық жаулары әйелдері лагерінің тарихы тереңде жатыр. Жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшыраған жандардың жақындарына дейін осы лагерьде азап шекті. Соның ішінде, әсіресе нәзік жандылардың қарасы көп болатын. Бұл тарихта қалған 1937 жылғы атышулы оқиғалардың бірі еді.



Болат Жүнісбекұлы Жүнісбеков,
«АЛЖИР» мемориалды-мұражай» кешені
МКҚК директоры

Өткен күн жүрекке сызат түсіріп, қайғы әкелгенімен, келер күн қазақ халқына жарқын болашағын сыйлады. Заман ағымына орай алаш арыстары ақталғаннан кейін қазақ елі өскелең ұрпақты патриоттық сезімге баулу мақсатында олар жайында кеңірек таныстыру үшін мұражай ашуды көздеді. Сондай мұражайлардың қатарында «Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай» кешені МКҚК айтуға болады. Тарихқа көз жүгіртсек, Ақмола халық жаулары әйелдерінің лагерінде жиырма мыңға жуық нәзік жандылар қамауға алынған. Осынау тозақ орталығы талай әйел баласын жазықсыздан жазықсыз қинады.

Адам жанын түршіктірер түрме азабы ешкімді аяған жоқ. Аяғы ауыр әйелдер нәрестелерін босаңғанымен олардың барлығы дүние есігін ашқаннан кейін шетінеп кетті немесе аштық пен суықтан қырылды. Түрмеге түскен екі-үш жастағы сәбилерді анасынан айырып, балалар үйлерінің тәрбиесіне берген кездері де болған. Елуінші жылдардың басында таратылған лагерьдің тұтқындары басқа лагерлерге ауыстырылып, жер аударылды. «АЛЖИР» лагерьі туралы деректі фильм түсіріліп, «Кебене киген арулар» пьесасы да жазылды.

Қазір «Алжир» мұражайында тұтқынға түскен алаш арыстары әйелдерінің тағдыры жайындағы фотоқұжаттар, олардың жеке мүліктері мен заттарын көрсететін жәдігерлерін байқауға болады. Мемориалдық кешен «Қайғы қақпас» монументі, «Күрес пен үміт» және «Ашыну мен дәрменсіздік» сынды мүсіндік композициялардан, «Еске алу қабырғасынан» құралған. Мұражайдағы жәдігерлер өзінің материалдық құжаттарымен саяси қуғын-сүргіннің тарихы мен жазалау институттарының әрекет ету тетіктерінен хабар береді. Барлық жәдігерлер мұражайға келушілердің ыңғайына қарай ойластырылып, сонау сұрапыл жылдар тарихынан мол мағлұмат алуға мүмкіндік береді.

Аслан Есен



ҚАЗІРГІ ЗАМАН ӨНЕР МҰРАЖАЙЫ

Астана қаласындағы «Қазіргі заман өнер мұражайы» 1980 жылғы 2 қазанда ашылған. Мұражайды Шиврина Нелли Викторқызы басқарады. Отыз жылдан астам өнердің дамуына атсалысып келе жатқан мұражайдың жеке коллекциясында төрт мыңнан астам көркем шығарма жинақталған. Мұражай негізгі үш зал мен қосымша көрме залынан тұрады. Ғылыми қызметкерлер Қазақстан, Ресей, Украина, Өзбекстан, Грузия, Армения, Латвия, Литва, Эстония және Тәжікстан суретшілерінің шығармаларымен жұмыс жасайды.



Шиврина Нелли Викторқызы,
«Қазіргі заман өнер мұражайы»
МККК директоры

Өнердің барлық түріне қызығатын жандар үшін мұражайда фортепиано да бар. Суреттерді сақтау үшін сақтау орындарында арнайы температура мен ылғалдылықтың қажетті деңгейі қамтамасыз етіледі. Мұражайда «Цветная азбука» атты үш жастан тоғыз жасқа дейінгі балаларға арналған мектеп-студия жұмыс істейді. Қазіргі заманғы өнер мұражайы қаладан алшақ жерлердегі балабақша, мектептер мен әскери бөлімдерде жылжымалы көрме ұйымдастыру тәжірибесін бірнеше жыл бойы жүзеге асырып келеді. Бас бостандығынан айыру жазасына кесілгендерді қайта әлеуметтендіру бағдарламасы бойынша да зор жұмыс атқарылуда, мұражай абақтыларда да жылжымалы көрме ұйымдастырудан басқа, лекциялар оқиды, мастер-кластар өткізіледі және шығармашылық сайыстар жасауда қол ұшын береді. Жоғарыда аталған шаралар жайында ЮНЕСКО сарапшысы Нина Кочеляева Астана қаласының Қазіргі заманғы өнер мұражайына барған мәдени сапарында бұндай тәжірибе құндылығының аса жоғары екендігін ерекше атап өтті. Жыл сайын мұражайға 70 000 адам келеді, мыңнан астам іс-шара ұйымдастырылған. Мұражайда «Қазақстанның

алғашқы суретші әйелдері», «Қазақ халқының зергерлік өнері балалардың жүрегін жаулайды» атты көрмеге 11 отандық зергер қатысып, 600-ге жуық әр алуан бұйым ұсынылды. Атап айтқанда, әйелдердің, ерлердің және балалардың әшекейлері, қару-жарақтар, әйелдер мен ерлердің белдіктері, тұрмыстық заттар және т.б. Көрмеде Астана, Алматы, Қарағанды және Шымкент қалаларының суретшілері өз еңбектерін көпшіліктің назарына ұсынады. Қырым Алтынбековтың жеке көрмесіне сақ дәуірінің көптеген тұрмыстық заттары шығарылған.

Белгілі суретші – жаңғыртушы, ҚР Суретшілер одағының мүшесі Қырым Алтынбековтың «Сақтар мен скифтердің өнері қазіргі заманда» атты жеке көрмесі де өткізілген болатын. Б.з.д. IV-III ғғ. Сақ мәдениетінің ұлы ескерткіштері – Есік қорғанынан

табылған «Алтын адам», Аралтөбедегі «Сармат көсемі», Түркістанда Ахмет Яссауи кесенесінің артефактілерін қалпына келтіріп, жаңғыртып, түрлі дәуірдің және мәдениеттің мыңдаған олжасын жандандырған. Суретші еңбектерінің түпнұсқалары Қазақстанның ірі мұражайларында сақталуда, ал қайта жасаған бұйымдары Қазақстанның өзіндік бейнесін қалыптастыруға үлес қосты.

Сезім Жүсіпқызы

М. ГОРЬКИЙ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК АКАДЕМИЯЛЫҚ ОРЫС ДРАМА ТЕАТРЫ

«Максим Горький атындағы мемлекеттік Академиялық орыс драма театры» – Қазақстандағы ежелгі театрлардың бірі болып саналынады. Аталмыш театр XIX ғасырдың аяғында құрылған болатын. Көрермендерінің ықыласына бөленген театрдың жұмыс жасап келе жатқанына да екінші жүз жылдыққа аяқ басып барады. Осы жылдар аралығында театр қызметкерлеріне қала ішінде бір жерден екінші жерге көшіп, ғимараттарын әлсін-әлсін өзгертуге тура келді. Режиссерлары да жиі ауысты. Алайда жұмысқа және өнерге деген құштарлық театр қызметкерлеріне тек жетістікке жетуді ғана меңзеп отырды. Олай дейтін себебіміз, театр майталмандарына қандай да бір жоба аясында еңбек ету ісі жүктелетіні жасырын емес. Бұндай жоба актерлардың өзіндік шеберліктерін шыңдауға және шығармашылық күш жинауға себін тигізеді.



Еркін Қасенов,
«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері»,
«М. Горький атындағы мемлекеттік
Академиялық орыс драма театры»
МКҚК директоры

1957 жылы театр қызметкерлерінің қойылымындағы «Пучина» спектакль «Театрдағы көктем» деген атпен әлемдік Одақтың назарына ілікті. Көп жылдық еңбектерінің нәтижесінде тек 1959 жылдан бастап театр орыс халқының әйгілі жазушысы және драматургі Максим Горькийдің атын иемденді. Өнер адамдарының творчествосы олардың өзіндік жеке қабілеттіліктерін байқататынын білеміз. Әр жылдары орыс драма театрында көптеген талантты актерлар қызмет атқарды. Атап айтатын болсақ: Қазақ ССР-нің халық әртісі және Целинный театрының ең алғашқы режиссері Е. Орел, Қазақ ССР-нің еңбегі сіңген әртістері: Е. Марусина, С. Групп, Н. Миловидов, А. Ходаев, И. Горошевич, Н. Назарковская, А. Червов. Сондай-ақ, Молдавия Республикасының әртісі Р. Светинская, БАССР-нің еңбегі сіңген әртісі Д. Терентюк, ҚР халық әртісі В. Архипенков, ҚР-ның еңбегі сіңген мәдени қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері С. Прилуцкая және т.б.

Мемлекеттік драма театрда актерлар ансамблы де құрылған. Ансамбль құрамындағы қызметкерлер қашан да болсын сахнада тірі жанның бейнесін сомдауды басты назарға алады. Театр қызметкерлері бұдан да басқа өз көрермендеріне әдебиет сабағын жүргізуді қолға алып келеді. Сонау әлем классиктері мен антикалық дәуірден бастап, Чехов пен Уильямс, Шекспир пен Мольер, Пушкин мен Достоевский, Горький мен Сейфуллин, Симонов пен Булгаков, Розов пен Әлімжанов, Дударев пен Әуезов сынды талантты ақын жазушылардың шығармалары оқытылды.

Қазір театрдың репертуарында 20 спектакль, ал кішкентай көрермендерге арналған 12 музыкалық үлгідегі ертегілер бар.

2007 жылы М. Горький атындағы астаналық

театр орыс театрларының Ассоциациясының құрамына кірді. Мәскеу үкіметінің «Отандастар» жүлдесін ең алғаш рет Қырғызстан халық әртісі С. Матвеев иеленді. Бұл жүлде орыс өнер және мәдениетін дамытуда зор үлес қосқаны үшін берілген болатын. Сонымен қатар, бұл сыйлық Н. Косенко, Л. Абасова сынды еңбегі сіңген әртістерге де бұйырды. Театр ұжымы әр жылдар сайын отандық және шетел мемлекеттеріне іссапарға шығып тұрады. Әртістердің жеңіп алған көптеген жүлделі орындары мен сыйлықтары бүгінде театрдың мақтанышына айналып отыр.

Редакция

